

ҚҰДАЙ БАР МА?

Жохан 1:43-51: 5:1-15

Тақырыбы: Шынайы жалғыс Құдай

Мақсаты:

- Әрбір мәдениетке қатысты күрделі және әмбебап мәселелерге жауап беру жолында Киелі кітап арқылы түсінік беру.
- Осы сұрақтарға жауап ретінде тыңдаушыны Исаға бағыттау.

7 бөлімнің 1-ші бөлімі
ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ КҮРДЕЛІ СҰРАҚТАР СЕРИЯСЫ
(Сұрақтар мен жауаптары бар оқиғалар)
МӘСІХШІЛІК РАДИО ДРАМА
«ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ОҚИҒА»

МӘСІХТІҢ ӘЛЕМГЕ ҚЫЗМЕТІ

Авторы: Уильям Р.Флауерс
Редактор: Эмили Энн Рикард
Аға редактор: Доктор Арт Крискоу
Авторлық құқық © 2020

Өмір суын іздеп табу сеиясы
1-ші бөлім: Құдай бар ма?
Мәсіхтің әлемге қызметі
Барлық құқықтар қорғалған

ДИРЕКТИВТІ АҚПАРАТ

КЕЙІПКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ: (дауыс сапасына назар аударылсын)

- **Әр кейіпкердің дауысы кез келген басқа кейіпкерден өзгеше болуы тиіс.**
- **Кейбір кейіпкерлер осы серияның бірнеше эпизодтарында кездеседі. Бір кейіпкер үшін бірдей дауыс қолданылсын.**

Томас: Баяндаушы, Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Філіп: Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Симеон: Көпшіліктің арасынан шыққан қария (қарт ер адамның дауысы)
Иса: Құдайдың Ұлы (кемелденген ер адамның жұмсақ дауысы)

Оқырмандар үшін ескертулер:

- Бұл радио **қойылымдар**. Барлық әрекеттер мен эмоциялар тек сөз арқылы жеткізіледі. Мәтінді оқу барысында асығыстық танытпаңыз; тыңдаушы бұл сөздерді тек бір рет естейтінін еш ұмытпаңыз; тиісті эмоцияларды көрсете отырып анық сөйлеңіз; барлық тыныс белгілерін мұқият қадағалаңыз (мысалы, үтірдің алдына сәл кідіріңіз, нүктелердің алдына үзіліс жасаңыз, леп белгілері бар сөйлемдерді күшейтіп оқыңыз, ал **қарамен** жазылған сөздерге ерекше назар аударыңыз).
- Сценарий бойынша барлық музыкалық (жуан/кіші шрифтпен белгіленген) репликаларды қадағалаңыз.
- Сценарий бойынша дыбыс әсерлері нұсқауларын (жуан шрифтпен белгіленгендерді) орындаңыз.
- Сценарий бойынша жақшада курсивпен белгіленген барлық (дауыстық нұсқауларды) орындаңыз.
- Киелі Жазбадан алынған дәйексөздер курсивпен, тырнақшалармен – "Уа, израилдіктер", содан кейін жақшада жазбаға сілтеме жасалады (Елшілердің істері 2:22). Бұл жерде Киелі Жазбаның жаңа халықаралық нұсқасы (1984) қолданылған. Киелі Жазба сілтемелері аудармашыларға көмек ретінде берілген және оларды сценарийдің бөлігі ретінде оқуға болмайды.

ҚҰДАЙ БАР МА?

Киелі Жазбаға сілтеме:
Жохан 1:43-51: 5:1-15

Музыка: Музыкалық әуен басталады, содан кейін біртіндеп бағдарлама жүргізушінің түсініктемелеріне көңіл аударылады.

Продюсерге ескертпе: Тақырыптық әуен 12-14 секундтан аспауы керек.

Бағдарлама жүргізушісі

«Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасына қош келдіңіздер.

Бәлкім бір кездері қатты соққыға жығылған, басқа біреуден қорлық көрген, тамақсыз, баспанасыз тіпті үстіңізге киер киіміңіз болмаған кездерге тап болған боларсыз, дәл сол сәтте көпшіліктің: Дүниеде қаншама азап пен қасірет бар, шынымен де бәрін бақылап тұрған Құдай бар ма? – деген сұрағын сіз де қойған боларсыз.

Егер сіз бұл сұрақты қойған болсаңыз, жалғыз еместігіңізге сенімді болыңыз. Адамзат пайда болғаннан бері жауап беруге қиын түрлі күрделі сұрақтармен әлі күнге дейін күресіп келеді және бұл сұрақ сол тізімнің басында болуы әбден мүмкін. Әрине, «Дүниеде неліктен зұлымдық көп?», «Адамдар бір-бірін неге өлтіреді?», «Мен өлсем не болады?» деген сияқты басқа да толғандыратын сұрақтар жетерлік. Расында да бізде жауабын табу қиын сұрақтар тіптен көп; Алайда көпшілігімізге жетіспейтін нәрсе - өмірімізді өзгерте алатын пайдалы жауаптар.

Егер сіз бүгін осы хабарды тыңдап отырған болсаңыз, онда достым сізге айтар жақсы жаңалығым бар. Құдай шынымен де бар және Ол бізге Өзін анық және түсінікті түрде ашты. Оның Құдай туралы Киелі Сөзінде мына сөздер жазылған, *«Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді»* (Евр. 1:1-2).

«Құдай бар ма?» деген бірінші, әрі басты сұрақты қоя отырып, Құдай Сөзінде кездесетін оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының бірінші бөлімін тыңдауға шақырамыз.

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

Сахна өзгерістері әуенмен бейнеленетініне назар аударыңыз

1-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: желдің есуі мен қара шегірткелердің дауысы)

Томас (баяндаушы): Мен Назареттік Иса Ұстаздың шәкірті ретінде таңдалуы керек жер бетіндегі соңғы адам болсам керек. Менің діни білімім жоқ, Оның шәкірттерінің арасында достарым да, туыстарым да, тіпті мұндай қызметіме септігін тигізер

ерекше дарыным да жоқ еді, шындығында, тіпті шәкірт болуға құштарлығым да болмады.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: ақырын жанып тұрған оттың дауысын қосу)

Томас (баяндаушы): Саудагердің ұлы болғандықтан саудамен айналыстым. Әкем тері саудасымен айналысқан, алайда негізгі табыс көзі байларға сандал тігуден табатын; бірақ дегенмен әкем отбасын асырауға жеткілікті ақша таба алатындай өз ісін басқара алғанымен, мен оны үнемі жерге қаратқан кездерім болды. **(күрсініп)** Менің саудаға ебім болмады, оған ақылымда жетпеді. Шындығында мен өмірде жолы болмаған бейшара едім.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: артқы фонда ақырын күбірлесіп келе жатқан дауыстарды қосу)

Томас (Баяндаушы): Сонымен, бір күні Иса біздің шағын дүкенге тоқтап, Оның соңынан еруімді сұрағанда, мен еш тартынбадым. Әкемнің көңілін қалдырған соң, артыма қарамай, арқамдағы киімнен басқа ешнәрсе ала алмай, саудасын тастадым. Бірақ мен Исаны және Оның ізбасарларын қуып жету үшін алғашқы қадамдарды жасаған бойда, бойымды бірден алаңдаушылық билеп: Қалайша Құдайға сенбейтін меня сияқты адам, діни ұстаздың шәкірті бола алады екен? - деген сұрақ мазалай бастады.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: біреу күліп келе жатыр, күбірлескен дауыстар күшейіп келуде)

Філіп: Қанекей, Томас, мында кел, оттың қасына отыра ғой.

Томас: Рахмет. . . хм. . .

Філіп: Менің атым Філіп. Мында отыр, Томас.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: Томас жерге отырады)

Томас: Рахмет, Філіп.

Філіп: Сонымен, Томас, түсінгенімше сен бай саудагер болғаның ғой.

Томас: (күлді) Ха! Былай ойлауыңызға не себеп болды?

Філіп: Анау дәу кісінің Исамен сөйлесіп тұрғанын көрдің бе? Есімі Шимон Петір. Ол сенің бүкіл Иерусалимдегі ең жақсы тері өңдеушілердің бірі екенінді айтқан болатын. Ол бәрінен де хабардар. Оны өзінде байқайтын боласың.

Томас: (күліп) Осы жолы Шимон Петір қателесті. Мен бұл әлемдегі ең нашар саудагермін және тері өңдеуден еш хабарым жоқтығына сеніңіз.

Філіп: Ха! Мен Шимон Петірді өмір бойы білемін. Дұрыс айттың. Ол Ғалилея теңізіндегі ең жақсы балықшы болып саналады, бірақ мен оның балық аулау туралы ештеңе білмейтініне сенімдімін, сондықтан бейбеқтардың тобына қош келдің. Исамен кездеспей тұрып бұл өмірде өз орнымды таба алмадым. Сен Ол туралы не ойлайсың?

Томас: Кім туралы, Шимон Петірді айтасыз ба?

Філіп: Жоқ, Иса; Иса туралы не ойлайсың?

Томас: Иса туралы дейсіз бе. . . Мен, шынымды айтсам, Ол туралы хабарым аз, танымаймын десем де болады. . .

Філіп: Солай де, бірақ Ол сені шақырғанда, сен Оның соңынан ердің емес пе – неге олай істедің?

Томас: Қазір мен еш жауап бере алмаймын...Філіп, бәлкім, тақырыпты өзгерткеніміз дұрыс болар?

Філіп: Әрине, айтқаныңдай болсын. Шимон Петірдің сол жағындағы мына адамды көріп тұрсың ба?

Томас: Иә. . .

Філіп: Бұл менің көршім Натанаил. Шимон мен оның ағасы Әндір сияқты ол да, мен де Бетсайдаданбыз.

Томас: Сонда менен басқаларының барлығы Ғалилеядан болғаны ма?

Філіп: Көпшілігіміз. Жақып пен Жохан да Ғалилеядан. Бұл маған досымды Исамен қалай таныстырғанымды еске түсіріп тұр. Айтып берсем қарсы болмайсың ба?

Томас: Жарайды, еш қарсылығым жоқ. . .

Філіп: Жохан екеуміз Исамен бірге Ғалилеяға қарай жол тарттық – Жохан дегенім Исаның арғы жағындағы тұраған жас жігіт - мен Исадан көршім Натанаилді таба аламыз ба деп сұрағанымда, Бетсайдаға жақындап қалған кезіміз еді.

Томас: Шимон Петірдің қасында отырған адамды айтып тұрсыз ба?

Філіп: Дәл өзі. Сол кезде мен Исаға: «Сағат төрт болды, сондықтан Натанаил қазір су жағасында болуы керек», - дегенімде, Иса мені бірден тоқтатып: «Досың әкесінің үйінің артындағы інжір ағашының түбінде отыр», - деді.

Томас: (күдікпен) Ол мұны қайдан білсін?

Філіп: Сөзімді бөлме. Мен де осы сұрақты қойдым. Сол кезде Иса маған барып тексеріп келуімді сұрады. Расында да Ол айтқандай досым інжір ағашының түбінде қатты ұйықтап жатыр екен. Өзі бетіммен оны ешқашан таппас едім.

Томас: (күдікпен) Бұл айтылғандардың барлығы ақылға қонымсыздауда сияқты, Філіп. . .

Філіп: Натаниелге былай деп айтқаным әлі есімде, *«Біз Мұса Тауратта жазған, басқа пайғамбарлар да өз жазбаларында айтып кеткен Мәсіхті таптық! Ол — назареттік Жүсіптің ұлы Иса!»* (Жохан. 1:45).

Томас: Сіз сонда Исаны Мәсіх деп ойлайсыз ба? Негізінде, Філіп, менде діни сауаттылық жоқ, бірақ солай бола тұра Мәсіх Назареттен келді деп ойламаймын.

Філіп: Менің досым осылай деді! Бірақ мен оны орнынан тұрғызып, Исаны өз көзімен көруге апардым.

Томас: Філіп, мен. . .

Філіп: Иса жақындап келе жатқанымызды көргенде: *«Мынау — құлық-сұмдығы жоқ, нағыз исраилдік»*, - деді. Натанаил таң қалып, Исадан: *«Сіз мені қайдан білесіз?»* — деп сұрады. *«Сені Філіп шақырмай тұрып, інжір ағашының астынан көріп едім»* (Жохан. 1:47, 48), - деп сонда Иса жауап берген болатын.

Томас: (өзін ұстай алмай) Неге сіз бұған соншалықты мән бересіз, Філіпп? Сонда Иса сіздің досыңызды інжір ағашының түбінде жатқанын алдын-ала көрген болып шықты емес пе?!

Філіп: Себебі сен екеуміз мұны көре алмас едік, Томас. Иса маған Натанаелдің қайда болатынын айтқан кезде біздің Бетсайдаға жетуге бір сағаттай уақыт қалған кез еді.

Томас: (Даусын көтеріп) Філіп, сонда сіз Исаның қандай да бір ерекше қабілеті бар деп тұрғаныңыз ба?

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: фондық шу басылады)

Філіп: Иә, Томас. Мен оны өз көзіммен көрдім. Және сол кезде ғана емес. Түсіндіру мүмкін емес басқа да көптеген нәрселерді көрдім. . .

Томас: Мен сенбеймін.

Філіп: Томас, әлі-ақ сенетін боласың, менің көргендерімді өз көзіңмен көргенде айтқандарыма сенетін боласың.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: Томас кенет орнынан көтерілгенде киімінің сыбдырлаған дауысы)

Філіп: Қайда бара жатырсың, Томас?

Томас: Кешіріңіз, бұл үлкен қателік болды. Мен. . . Үйге қайтқаным дұрыс болар.

Філіп. Исаның шәкірті болғың келмей ме сонда?

Томас: Білмеймін.

Філіп: Бірақ неге? Оның Құдайдан келген адам екеніне сенбейсің бе?

Томас: (Даусын көтеріп) Жоқ, Філіп! Ал сіз неге екенін білгіңіз келе ме? Өйткені мен Құдайдың бар екеніне сенбеймін!

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Томас қараңғыда аяғын басып келе жатқан қадамдардың дыбыстары; кенет күбірлескен дауыстар күшеюде, өйткені барлық шәкірттер не болғанын білгісі келеді)

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

АНТРАКТ

Бағдарлама жүргізушісі: Ең алдымен бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Қазір сіздер «Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасын тыңдаудасыздар. Біздің көрінісіміз бірер сәтте жалғасатын болады.

Бүгін біз Құдай Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының бірінші бөлімін бастаған болатынбыз. Бүгінгі драмамыз Исаның Томасқа Оның артынан еруге шақыруындағы оның әрекеттері мен ұзақ күннің соңында оттың айналасына жиналған шәкірттерінің арасында

Томастың отырғанынан басталды. Діни білімі жоқ және топтағы ешкімді білмеген Томастың әрекеттері біраз келеңсіздіктер тудырауда. Әрі қарай не болатынын құлақ салып тыңдаңыздар, ал біз әңгімемізді жалғастырамыз.

(Әуен: дыбыс әсерлері қайта қосылады)

2-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: күндізгі уақыт; фонда бос емес көшенің дыбыстары; шақырған дауыстар, көп аяқ дыбыстары, жүгірген балалар мен анда-санда өтіп бара жатқан арбалардың дыбыстары)

Томас (баяндаушы): Сіз ойлағандай, үйге қайтып бара алмадым. Філіп мені қуып жетіп, осының барлығына көз жеткізуім үшін бір мүмкіндік беруге көндірді. Сондықтан мен сонда қалдым және Ғалилеяда бірнеше түсініксіз күндерден кейін біз Исаның соңынан Иерусалимге қайттық.

Томас: (шудың арасынан қатты айқайлап) Філіп, бұл қандай жер?

Філіп: (шудың арасынан қатты айқайлап) Томас, бұл Бетезда деп аталатын қаланың бір ауданы. Оны бұл жерден көре алмаймыз, бірақ бағаналардың жанында науқастар мен шалдар жиналатын хауыз бар.

Томас: (шудың арасынан қатты айқайлап) Онда не үшін жиналады?

Філіп: (шудың арасынан қатты айқайлап) Ол жерде жиналған халық судың шайқалғанын бақылап қарап тұрады. Мұның *«Себебі Тәңір Ие жіберген бір періште анда-санда тоғанға түсіп, суды шайқайтын»* (Жохан. 5:4).

Томас: (шудың арасынан қатты айқайлап) Періште? Мен періштелерге сенбеймін.

Філіп: (шудан арасынан қатты айқайлап) *«Мұнан кейін алғаш шомылған адам қандай ауруы болса да, жазылып кетеді екен»* (Жохан.5:4) деген сенім бар.

Томас: (шудың арасынан қатты айқайлап) Бірақ Філіп, менің айтайын дегенім... бұл жай ғана қауесет; жай ғана ырым сияқты естіледі.

Філіп: Қара! Иса хауыздың жағасында әлгі қартпен сөйлесіп тұр!

Симеон: (алыстан) Рахмет, жас жігіт. Менің атым Симеон.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: аяқ дыбыстары мен шу басылып, бәрі не айтылып жатыр деп құлақтарын түрүде)

Иса: Симеон, бұл жерге келіп жүргеніңе қанша уақыт болды?

Симеон: 38 жыл бұрын құлаған едім. Содан бері жүре алмай қалдым.

Иса: (үнсіз) Айтшы, Симеон! *Сауыққың келе ме?* (Жохан 5:6)

Симеон: *«Мырза, мені су қозғалғанда тоғанға түсіретін адамым жоқ. Ал мен жеткенше, басқа біреу менен бұрын түсіп қояды»* (Жохан. 5:7).

Иса: (Філіпке) Філіп, бізге біраз орын босатсаң.

Філіп: (Қатты дауыстап) Жақсы; барлықтарың бірнеше қадам артқа шегініңдер - бізге аздап тынығатын орын керек.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жиналған қауымды бірақ қозғап, ретке келтіріп, орын босателф)

Філіп: (қатты дауыстап) Тағы да. . . Тағы артқа шегініңдер. . .

Иса: (қатты дауыстап) Симеон – *«Орнынан тұрып, төсенішіңді жинап ал да, жүре бер»*. (Жохан. 5:8).

Симеон: Мен. . мен. . .

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жұрттың кенеттен реакциясы, бәрі ішектерін тартады)

Симеон: (қатты дауыстап) Мен жүре аламын! Қарандар; Мен жүре аламын!

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: қуаныш жалғасуда, бірақ бұл дауыс артқы фонға ұласады; Біраз уақыттан кейін біз қайтадан қаланың шуын естиміз – күбірлескен дауыстар, көпестердің айқайы, жүгіріп-ойнап жүрген балалардың, анда-санда арбаның гуілдегені)

Томас (Баяндаушы): Айта кету керек, бұл күні ешбір періште суды шайқалтқан жоқ. Бірақ Иса қарт адамға қолын тигізгенде, бір... . . бір ғажайып болды. Сол күні Філіп екеуміз көз алдымызда болған таңғаларлық жағдайды барынша талқыладық.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: екі адамның келе жатқан қадамдарының дауысы)

Філіп: Енді не ойлайсың, Томас? Сен әлі Құдай жоқ деп сенесің бе?

Томас: Мен не нәрсеге сенерімді білмеймін.

Філіп: Бірақ сен Исаның оны сауықтырғанын өз көзіңмен көрдің ғой! Бұл ғажайып болғаны анық.

Томас: Мен өзін мүгедекпін деген адамды көрдім. . . жүріп кетті.

КІРІСТІРУ: (Дыбыс әсерлері: аяқ дыбыстары тоқтайды)

Філіп: (таңданып) Қария өтірік айтты деп ойлайсың ба?

Томас: Жоқ, мен. . . Олай айтайын дегенім жоқ. (сәл кідіріп) Менің айтайын дегенім, сізді де, мені де, қарияны да ойлайтын Құдайдың бар екеніне көзім жеткізу үшін бір ғана керемет жеткіліксіз болары анық.

Філіп: Бірақ сен мұның керемет екенін мойындап тұрсың ғой.

Томас: Мен... .

Філіп: Егер сен Исаның тағы бір керемет жасағанын көрсең, сонда ғана Құдайдың бар екенін, сонымен бірге Оның бізге қамқорлық жасайтын мойындауға дайынсың ба?

Томас: Мен олай деп айтуға әлі дайын емеспін. Сізге сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, Філіп.

Філіп: Иә?

Томас: Иса бұл кереметтер туралы не дейді? Ол оларды Құдайдан келді деп айта ма?

Філіп: Менің соңымнан ер.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: Філіп Томастың қолынан ұстап, кетіп бара жатқанда жылдам қадамдардың дауысы)

Томас: Біз қайда бара жатырмыз?

Філіп: Исаны табу керек. Осы сұрағыңды тек Соған ғана қоя аласың.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: олардың дауыстары мен аяқ дыбыстары көпшілік арасында өшіп қалады)

Томас: Мен сұраймын ба? Бірақ Філіп, . . .

Філіп: Сөзді доғар! Исаны тауып алғанымызша бір сөз айтушы болма!

(Әуен: Драмалық музыка күшейеді; содан кейін Тақырыптық музыканың қайталануы басталады; «Біздің Құдайға беретін жауабымыз» атты айдары кезінде бағдарлама жүргізушісінің пікірлерінде екпінді күшейту)

БІЗДІҢ ҚҰДАЙҒА БЕРЕТІН ЖАУАБЫМЫЗ

Бағдарлама жүргізушісі

Сонымен Філіп жаңа досының Құдайдың бар екендігі туралы сұрағын жауапсыз қалдырмайтыны анық.

Філіптің бұл мәселені өз ойымен шешіп қойғанын байқаған боларсыз. Исамен көп уақыт өткізгеннен кейін ол Құдай шынымен де Ұлы Құдай деген қорытындыға келді. Ол Құдіретті. Ол дүниені және ондағы барлық нәрсені жаратты. Ол аспанды, айды, жұлдыздарды, бүкіл ғаламды жаратты. Құдай бәрін Білуші. Ол біз туралы бізден гөрі көбірек біледі. Ол барлық жерде бар. Біз Құдайдың назарынан ешқашан шеттетіліп қалмаймыз.

Құдай Тағала ізгіліктің, мейірімділіктің және рақымшылықтың Құдайы. Ол сүйіспеншіліктің Құдайы. Ол бізге Өзінің сүйіспеншілігін, мейірімділігін және рақымын көптеген жолдармен көрсетеді.

Сонда бізді жақсы көретін және күн сайын мейірім мен рақымшылығын көрсететін бүкіл ғаламның осы Ұлы Құдайына сіз бен біз қалай жауап беруіміз керек? Бұл туралы Иса былай деді: *«Бәрінің ең бастысы мынау: «Тыңда, Израил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Иеміз! Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!»* (Марқа. 12:29).

Мен Құдайға шын жүректен дұға етпекпін. Менің дұғамды мұқият тыңдаңыздар, сосын мен дұға еткен кезде, менен кейін қайталауға тырысыңыздар.

Уа, Құдай Ием, Ұлылығың үшін мың алғыс. Сүйіспеншілік пен мейірімділіктің Құдай болғаның үшін алғыс айтамын. Мен сені жақсы көремін. Аумин.

Енді менен кейін дауыстап қайталап дұға етіңіз. Бір уақытта бірігіп дұға етейік. Құдайға құлшылық етіңіз. Шын жүректен дұға етіңіз.

Уа, Құдай Ием, (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Ұлылығың үшін мың алғыс. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Сүйіспеншілік пен мейірімділіктің Құдай болғаның үшін алғыс айтамын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен сені жақсы көремін. Аумин. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Менімен бірге дұға еткендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Келесі бағдарламада Құдай және Оның бізге деген сүйіспеншілігі туралы білімімізді тереңдете түсетін боламыз.

(Әуен: тақырыптық әуен эфир аяқталғаннан кейін күрт күшейеді және өшеді)

Хабар таратушыға, бағдарлама жүргізушісіне және режиссерге ескертпе

Егер бұл драма «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының бір бөлімі ретінде көрсетілетін болса, келесі бөлім Құдай туралы күрделі сұрақ туралы тағы бір драма болатынын көрсететін хабардың соңында «тыңдаушы белгісі» болуы керек.

СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЖАУАПТАР

Төменде берілген сұрақтар мен жауаптар драма көрінісі көрсетілгеннен кейін пайдалануға арналған. Бұл әдетте драманы тыңдағаннан кейінгі тыңдаушыда туындауы мүмкін сұрақтар. Қойылатын сұрақтардың саны, әрине, драманың соңында қолжетімді эфир уақытының көлеміне байланысты болады. Сірә, барлық ұсынылған сұрақтарды пайдалану қажет емес.

Бұл айдарға екі адам қатысады: жүргізуші және оның көмекшісі. Көмекші сұрақтарды қояды, ал жүргізуші оларға жауап береді. Осы айдарды жоспарлау және жүзеге асыру бойынша бірнеше кеңестерге құлақ салсаңыздар:

- Сұрақ-жауап айдарын жүргізуші мына сөздермен бастауы керек: «Бүгінгі драмалық көріністі тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Енді Сіздер сияқты керемет тыңдаушыларымыздан осы драмалық көрініске қатысты туындаған сұрақтарға кезек берейік.

- Сұрақ-жауап айдары басталардан бұрын 3-5 секундтық кіріспе әуенін қосу керек.
- Сұрақ-жауап айдарының басында бағдарлама жүргізуші өзін атын атап таныстыруы керек. Содан кейін бағдарлама жүргізуші өзінің көмекшісінің атын атап оны да таныстыра кеткені жөн. Олардың есімдері бағдарламаның көркін қыздыра түспек.
- Жүргізушінің көмекшісі ретінде әйел адамды таңдаған дұрыс болар. Әртүрлі дауыстар (еркек пен әйел) тыңдаушыға жағымды, әрі бағдарламаға өзгешелік енгізуі мүмкін.
- Ал егер жүргізуші мен оның көмекшісі екеуі де ер адамдар болса, онда олардың дауыстары ұқсас болмағаны жөн. Мысалы, екеуінде де терең бас және т.б. болмағаны дұрыс болар. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені тыңдаушыға ақпарат жеңіл әрі түсінікті түрде жеткізілуі керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойған адамның «есімін атамай» сұрақтарды қоя алады. Немесе жүргізуші мен оның көмекшісі: «*Мінекей, "адамның есімін атап"* келіп түскен *сұрағын*» қоя алады.
- Барлық сұрақтарды бір дауыс ырғағымен оқудың орнына, жүргізушінің көмекшісі өзінің дауысын қойылған сұрақтың мағынасына қарай өзгерткені дұрыс болар. Басқаша айтқанда, кейбір сұрақтар қатты аландаушылықты, кейбіреулері үрейді көрсетуі керек. Кейбір сұрақтарды оқыған кезде мысқылды, сенімсіздікті немесе тіпті ашуды көрсетуі мүмкін.
- Сұрақ-жауап айдары кезінде жүргізуші мен оның көмекшісі ара-тұра бір-бірінің есімдерін атау керек. Мысалы, жүргізушінің көмекшісі: «*Жүргізушінің есімін*, мұнда шайтан мен азғыруға қатысты сұрақ бар екен. . .» Немесе жүргізуші: «Осы қойылған сұрағың үшін, *көмекшісінің аты*, алғыс білдіремін» деп айтуы мүмкін. Немесе: «Сұрағыңа рахмет, *көмекшісінің есімі*».
- Сұрақ-жауап айдары диалогтық сипатта болғаны дұрыс.
- Жүргізуші жанашырлықпен әрі мейірімдікпен тіл қатып, дәл сондай дауыс ырғағын қолдануы керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа кемсіту мақсатында жауап бермеуі керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа таң қалып немесе сасқалақтамауы керек. Ол тыңдаушының құлағына тыңдауға жағымды болатындай етіп тілдесуі керек.

- Жүргізуші барлық сұрақтардың жауабын «білгіш» ретінде көрінбеуіне өте сақ болуы керек. Ол Құдай Сөзін зерттеген ойшыл әрі ниеті дұрыс адам ретінде көрінуі керек. Ол шыншыл, әрі «Мен бұл сұрақтың жауабын білмеймін» деп айтудан қорықпауы керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойғаннан кейін жүргізуші жауап бере бастағанға дейін араларында қысқа үзіліс болуы керек. Бұл үзіліс жүргізушінің жауабы қандай болуы керектігі туралы ойланып жатқанын көрсетеді.
- Келесі сұраққа көшу алдында жүргізуші сұраққа жауап бергеннен кейін қысқа үзіліс болуы керек. Бұл тыңдаушыға жаңа сұрақтың келіп жеткенін түсінуге көмектеседі.
- Бұл айдардың аяқталатынын жүргізушінің тыңдаушыға: «Бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі сұрақтар мен жауаптар сіздерге пайдалы болды деп сенеміз», - деп айтқан сөздерімен көрсетуге болады.
- Айдардың аяқталғанын көрсету үшін 3-5 секундтық әуен қосылуы керек.
- Жүргізуші мен оның көмекшісі Сұрақтар мен Жауаптарды дауыстап оқу арқылы жаттығулары керек. Дайындық пен эфир арасында олардың сергітуін қамтамасыз ету үшін қажетті үзіліс болуы керек.

1. **Сұрақ:** Құдай бар ма?

Жауап: Иә, Құдай бар. Құдайдың Киелі Сөзінде Оны «*Мәңгілік Әке*» (Ишая 9:6) деп аталған. Біз Оның Киелі Сөзінен: «*Жаратылмай-ақ жер мен бүкіл әлем, Таулар жаратылмас бұрын бар боп келген, Мәңгі тірі болатын Құдайсың Сен!*» (Забур. 90:2) деп оқимыз. Құдай әрқашан бар болған. Құдай болмаған уақыт ешқашан болған емес.

2. **Сұрақ:** Бұл дүниеде Құдайдан да мықтырақ жаратылыс бар ма?

Жауап: Жоқ, Құдай Жалғыз. Киелі Сөзде былай делінген: «*Сол себепті көкте де, жерде де Жаратқан Иенің жалғыз Құдай екендігін, Одан басқа ешбір (шынайы) құдайдың жоқ!*» (Заң. 4:39). Көптеген адамдар бас иіп, жалған тәңірлерге табынады, бірақ бір ғана Шынайы Құдай бар.

3. **Сұрақ:** Құдай сонда қандай?

Жауап: Құдай күдіретті; Ол ғаламат күштің Иесі. Ол бәрін білуші; Ол бәрін біледі. Ол мейірімділік пен сүйіспеншіліктің Құдайы. Құдайдың Киелі Сөзінде былай делінген: «*Себебі Жаратқан Ие мейірімді, Ол*

мәңгілік шапағатын тигізеді. Ұрпақтан ұрпаққа Иеміз бізге Шексіз сенімділігін көрсете береді» (Забур. 100:5).

4. **Сұрақ:** Құдай бәрін жақсы көреді ме?
Жауап: Иә, Құдай Тағала дүниедегі әрбір пендесін жақсы көреді. Киелі Сөзде: *«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен»* (Жохан. 3:16) деп жазылған. Бұл сөздер әрбір адамға арналған. Құдай сізді де жақсы көреді. Құдай мені де жақсы көреді.
5. **Сұрақ:** Құдай бізді қаншалықты қатты жақсы көреді?
Жауап: Құдай бізді қатты жақсы көретіні сонша, Ол Өзінің Ұлы Исаны біздің Құтқарушымыз болу үшін, күнәларымыз үшін айқышта құрбан болуы үшін көктен жерге жіберді. Құдайдың Киелі Сөзінде былай дейді: *«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады»* (Жохан. 3:16).
6. **Сұрақ:** Бүгінгі тыңдаған драмада сол күні хауыздың жағасында көптеген науқас адамдардың жиналғанын естіген болатынбыз. Бірақ Иса тек бір адамды емдеді. Егер Ол олардың бәрін жақсы көретін болса, неге барлығын сауықтырмады?
Жауап: Өте жақсы сұрақ қойдыңыз. Иса сол күні сол жердегі әрбір науқасты жақсы көрді. Алайда Оның ол жерге келудегі басты миссиясы барлық науқастарды емдеу емес еді. Ол бізді күнәларымыздан құтқару үшін келді. Ол 38 жыл бойы мүгедек болған адамды сауықтырды, өйткені Оның жүрегі бұл адамға деген жанашырлыққа толы болды, сонымен қатар ол емдеуді тәлімгерлік ретінде пайдаланды.

Жазбалар Киелі Кітаптан алынған, ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НҮСҚА.
Авторлық құқық © 1973, 1978, 1984 Халықаралық Киелі кітап қоғамдастығы.
Zondervan Bible Publishers рұқсатымен пайдаланылады.
Мәсіхтің әлемге қызметі
Авторлық құқық © 2020, Барлық құқықтар қорғалған